**«ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ» АҚ**

**«БЕКІТЕМІН»**
**ОҚМА Ректоры, профессор**
**_____________ М. Рысбеков**
**«31» _____________ 2024ж.**

SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY

# РЕЗИДЕНТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
# 7R01123 «БАЛАЛАР ХИРУРГИЯСЫ»

Шымкент 2024ж.

"Балалар хирургиясы" резидентурасының білім беру бағдарламасы «Денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік стандарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 20242 жылғы 25 қантар №46 бұйрығының негізінде құрастырылды.

| Лауазымы | Аты-жөні | Қолы |
|---|---|---|
| **Құрастырылды** | | |
| Кафедра меңгерушісі, PhD | Кемельбеков К.С. | |
| Кафедра ассистенті | Нарходжаев Н.С. | |
| Денсаулық сақтау басқармасының өкілі.<br>"Облыстық балалар клиникалық ауруханасының" бас дәрігерінің хирургия жөніндегі орынбасары | Турысбеков С.А. | |
| «Балалар хирургиясы» БББ резидентті | Әбдиев Б.Н. | |
| Кафедра отырысының хаттамасы<br>№ 6 «25» « 01 » 2024ж. | | |
| **Резидентурның педиатрия бойынша БББК отырысында талқыланды**<br>**БББК төрайымы**<br>Хаттамма № 5 «26» « 01 » 2024ж. | Бектенова Г.Е. | |
| **Клиникалық кеңесте келісілді**<br>**Клиникалық кеңестің төрағасы**<br>Хаттамма № 8 «29» « 01 » 2024ж. | Кауызбай Ж.А. | |
| ОҚМА АҚ Бірінші проректорымен келісілді<br>Бірінші проректор<br>«30» « 01 » 2024ж. | Есиркепов М.М. | |
| **Ғылыми кеңеспен бекітілді**<br>Хаттамма №14 «31» « 01 » 2024ж. | | |

**Білім беру бағдарламасының төл құжатты**

1. Білім беру бағдарламасының миссиясы.

Казіргі заманғы ғылымның жетістіктері негізінде Оңтүстік өңір мен жалпы ел үшін жоғары білікті, бәсекеге қабілетті балалар хирургі дәрігерлерін даярлау.

2. Білім беру бағдарламасының мақсаты

Әмбебап кәсіби құзыреттілік жүйесі бар, алғашқы медициналық - санитарлық көмек; мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек жағдайында балаға өз бетінше балалар хирургиялық көмегін көрсетуге қабілетті дәрігер-балалар хирургын даярлау.

3.БББ негіздеуі

Балалар хирургиясы – бұл балалар жасындағы анатомо-физиологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, хирургиялық ауруларының клиникасының, диагностикасын және заманауи емдеу әдістерін зерттейтін пән. Балалар хирургтардың басты міндеті болып дер кезінде хирургиялық патологиясы бар науқастарға диагноз қойып «ҚР балаларға хирургиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2023 жылғы 15 мамырдағы №81 бұйрығына және ҚР клиникалық хаттамаларға сәкес жоғары мамандырылған хирургиялық ем көрсете білу. ҚР балалар хирургтарының жетіспеушілігі денсаулық сақтау мекемелерінің барлы деңгейінде көрінеді, сол себептен ен алдымен аймақтық деңгейінде балалар хирург дәрігерін даярлау денсаулық сақтау бағдарламасының дамытуы болып табылады

4. Кәсіптік стандарт негізінде БББ құрастырылған.

«Денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік стандарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 25 қантар №46 бұйрығы.

5. Кәсіптік қызмет саласы. Денсаулық сақтау

6. Кәсіптік қызмет нысандары., ҚР амбулатарлық және стационарлы көмек көрсететін денсаулық сақтау жүйесінің медицина ұымдар.

*Қосымша 1*

**Жалпы мәліметтер**

| № | БББ сипаттауы | Мәлімет |
|---|---|---|
| 1 | Тіркеу саны | 7R09100177 |
| 2 | Оқу аймағының кодымен жүктемесі | 7R01 Денсаулық сақтау (Медицина) |
| 3 | Дайындау бағытының кодымен жүктемесі | 7R011Денсаулық сақтау |
| 4 | Оқу білім бағдарламасының тобы | R023 Балалар хирургиясы |
| 5 | Оқу білім бағдарламасының атауы | 7R01123 Балалар хирургиясы (резидентура) |
| 6 | ОББ түрі | Жаңартылған ББ |
| 7 | ББХСК (Білім берудің халықаралық стандарт классификациясы) бойынша деңгейі | 7 |
| 8 | ҰБШ (ұлттық біліктілік шеңбері) бойынша деңгейі | 7 |
| 9 | СБШ (салалық біліктілік шеңбері) бойынша деңгей | 7 |
| 10 | ОББ негізгі ерекшеліктері | Жоқ |
| 11 | Компетенция тізімі | **КК1**. Науқасты курациялау: Негізгі патологиялық симптомдарды анықтай алады, дифференциалды диагностика жүргізе алады, клиникалық диагнозды қою кезінде зерттеу нәтижелерін талдау жасап емдеу жоспарын құрып оның тиімділігне баға бере алады.<br>**КК2**. Коммуникация және коллаборация: Пациенттердің ауруын диагностика барысында және емдік іс-шараларға, туған-туыстармен белсенді араласып тиімді әрекет ете алады.<br>**КК3**. Сапа және қауіпсіздік: Емдік мекемелерде дені са және хирургиялық ауруы бар науқастарға динамикалық бақылау жүргізе алады.<br>**КК4**. Денсаулық сақтау: Хирургиялық аурулары бар балаларға қажетті тексеру жүргізіп, клиникалық хаттамаларға сәйкес клиникалық диагноз шығара алады.<br>**КК5**. Зерттеу: Балалар хирургиясында емдеудің қауіпсіздігін бағалап, халықаралық дәлелді тәжірибеге сүйеніп оның тиімділігін анықтай алады.<br>**КК6.** Оқу және даму: негізгі хирургиялық патологияларға ерте оңалту іс-шараларды ұйымдастырып жүргізе алады. |
| 12 | Оқытудың нәтижелері | **ОН1:** Клиникалық диагноз қояды, емдеу жоспарын құрады және балаларға хирургиялық көмек көрсетудің барлық сатыларында, дәлелді мағлұматттар негізінде тиімділігін көрсете біледі.<br>**ОН2:** Баланы емдеу кезінде жақсы нәтижеге жету үшін, науқас баланың туған-туыстарымен, денсаулық сақтау |

| | | |
|---|---|---|
| | | мамандарымен тиімді әрекет ете алады.<br>**ОН3:** Балаларға хирургиялық көмек көрсету кезінде жоғары қауіпсіздік пен сапаны қамтамасыз ету үшін тиімді әдістер мен қауіптіліктерді бағалай біледі.<br>**ОН4:** Балаларға хирургиялық көмек көрсету кезінде Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастыру шеңберінде жұмыс жасайды, төтенше жағдайлар кезінде қажетті көмек көрсете біледі, бала денсаулығын нығайту жолында әр саланың мамандарымен қосыла жұмыс атқара алады.<br>**ОН5:** Қажетті, қатысты зерттеу сұрақтарын қоя алады, балалар хирургиясы мамандығы бойынша әдебиеттерді саралай біледі, күнделікті тәжірибесінде Халықаралық мәліметтер базасын қолданады, зерттеу тобында жұмыс жасауға қатысады.<br>**ОН6:** Өздігінен біліктілігін жетілдіру және өзге де балалар хирургтерінің біліктілігін арттыру, дискуссияларға, конференцияларға және басқа да мамандық бойынша үздіксіз даму курстарына қатысу. |
| 13 | Оқытудың түрі | Күндізгі |
| 14 | Оқытудың тілі | Қазақша және орысша |
| 15 | Кредит көлемі | Барлығы: 210 кредит |
| 16 | Оқу мерзімі | 3 жыл |
| 17 | Тағайындалатын академиялық дәрежесі/Берілетін біліктілік | Балалар хирург-дәрігері |
| 18 | Кадрларды дайындау үшін лицензияға өтініштің болуы | KZ 22BFA00167288 |
| 19 | ОББ-да аккредитацияның болуы | Бар, 10.06.2022, № АВ 4364 |
| | Аккредитациялық ұйымның атауы | НААР |
| | Аккредитацияның уақыт мерзімі | KZ73LAA00011788, 10.06.2022-09.06.2027 |
| 20 | Пәндер бойынша ақпарат | Қосымша 1.2 |

Қосымша1.1

**Білім беру бағдарламасының алынатын компетенцияларымен оқу нәтижелерінің бірлестіруі**

| | ОН 1 | ОН 2 | ОН 3 | ОН 4 | ОН 5 | ОН 6 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **К1** | + | + | + | | | |
| **К2** | | + | | + | | |
| **К3** | | | + | | + | |
| **К4** | | | | + | | |
| **К5** | | | | | + | |
| **К6** | | | | | | + |

Қосымша 1.2

**Пәндер бойынша ақпарат**

| № | Пәндер атауы | Пәннің қысқаша мазмұны | Цикл (БП) | Компонент (МК) | Кредит саны | Қалыптастырылған оқыту нәтижесі (кодтары) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Урологиямен жоспарлы хирургия | Консервативті және хирургиялық емге көрсеткіштер. Жоспарлы хирургияда балаларды операциядан кейінгі дайындық және операциядан кейінгі емдеу ерекшеліктері. Хирургиялық емнің көрсеткіштері. Зерттеу әдістері. Диагноз қою, емдеу стандарттары және хирургиялық патологиясы бар балаларды жоспарлы түрде оңалту. Урологиядағы дифференциалды диагностикалық критерийлер. Урологиялық науқастарды анықтау және хирургиялық емдеудің мерзімдері. | БП | МК | 40 | ОН 1<br>ОН 2<br>ОН 5 |
| 2 | Іріңді хирургия | Балалардағы іріңді хирургиялық инфекцияларды емдеу принциптері. Іріңді хирургиялық инфекциялардың алдын-алу. Диагноз, консервативті және хирургиялық емдеу. Балалардағы тері мен тері астындағы тіндердің жедел іріңді аурулары, лимфаденит және аденофлегмоналар. Асқынулар. | БП | МК | 30 | ОН 2<br>ОН 3 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Шұғыл хирургия | Жедел хирургиялық аурулары бар балалардың дифференциалды диагностикасы және емдеу әдістері. Жедел аппендицит, қысылған жарықтар, перитонит, холецистит, асқазан-ішектен қан кету, іш қуысы мүшелерінің зақымданулары, ішек инвагинациясы кезіндегі консервативті және хирургиялық емдеу әрекеттері. Хирургиялық емге көрсеткіштер. | БП | МК | 25 | ОН 1<br>ОН 2 |
| 4 | Жаңа туған нәрестелер хирургиясы | Жаңа туылған нәрестелердің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері. Туа болатын ақаулар, жаңа туылған нәрестелердің жарақаттары, гастрошизис, туа біткен жоғары және төменгі ішек өткізбеушілігі. Жаңа туылған нәрестелердегі ауруларды анықтау мен емдеудің заманауи принциптерін қолдану. Жаңа туған нәрестелердегі перитонит, сепсис және ойық жаралы некротикалық энтероколиттің ерекшеліктері. | БП | МК | 20 | ОН 1<br>ОН 3<br>ОН 4 |
| 5 | Торакальды хирургия | Балалардағы кеуде және кеуде қуысындағы мүшелердің анатомиялық және физиологиялық даму ерекшеліктері. Балаларда кеуде мүшелерін тексерудің жаңа әдістері. Өкпенің ақауларын, туа біткен диафрагматикалық грыжаны, балалардағы өкпенің созылмалы қабыну ауруларын консервативті және хирургиялық емдеудің заманауи әдістері. Өңеш пен асқазанның, тыныс алу жолдарының бөтен денелерін, Маллори-Вайс синдромын, өкпе эхинококкозын емдеудің ерекшеліктері. | БП | МК | 20 | ОН 3<br>ОН 4<br>ОН 6 |
| 6 | Травматология, ортопедия | Балалардың тірек-қимыл аппаратының анато-физиологиялық ерекшеліктері. Бастың жарақаттарын, ұзын | БП | МК | 25 | ОН 1<br>ОН 2 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | түтікті сүйектердің сынуын, сан сүйектердің сынуын, балтыр сүйектердің сынуын, омыртқаның сынуын анықтау және консервативті емдеу. Хирургиялық емге көрсеткіштер. Хирургиялық емдеудің принциптері. Ортопедиялық аурулары бар балаларды консервативті, хирургиялық емдеу және оңалту. Күйік және күйіктен кейінгі контрактуралар. | | | | ОН 3 |
| 7 | Амбулаториялық-емханалық хирургия | Қазақстан Республикасында амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қызметі туралы. Амбулаториялық балалар хирургиясының негіздері. Балалардың жарақаты және оның алдын-алу. Диспансерлік бақылау принциптері. Тірек-қимыл аппараты зақымданған балаларды амбулаториялық-емханалық деңгейде оңалту принциптері. | БП | МК | 24 | ОН 2<br>ОН 3 |
| 8 | Эндоскопиялық хирургия | Лапароскопиялық операция бөлмесінде жұмысты ұйымдастыру және науқастарды операцияға дайындау принциптері. Хирургиялық жабдықталудың, диагностикалық зерттеулердің және хирургиялық лапароскопияның техникалық ерекшеліктері. Балалардағы эндоскопиялық хирургияның әдістемесі. Лапароскопиялық хирургияның асқынулары және олардың алдын-алу жолдары. Фиброколоноскопияның, ректомоноскопияның техникалық ерекшеліктері. | БП | МК | 16 | ОН 2<br>ОН 3<br>ОН 5 |
| | **Барлығы** | | | | **200** | |
| 9 | Нейрохирургия | Нейрохирургияның негіздері. Нейрохирургиялық аурулары бар науқастарды тексерудің клиникалық және аспаптық әдістері. Клиникалық диагноз. Орталық жүйке жүйесінің басқа | БП | ТК | 4 | ОН 1<br>ОН 3<br>ОН 4 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ауруларымен дифференциалды диагноз. Хирургиялық операциялардың заманауи әдістері. Нейрохирургиялық патологиясы бар науқастарға операцияға дейінгі және операциядан кейінгі жүргізу ерекшеліктері. | | | | |
| 10 | Педиатриядағы қарқынды терапия | Клиникалық белгілері, педиатрияда өлім алдындағы жағдайларды анықтау және емдеу әдістері. Анестезиологиядағы және қарқынды терапиядағы эфферентті медицина, тыныс алу және инфузиялық терапия. Шала туылған нәрестелер мен туа біткен кемістігі бар науқастардағы қарқынды терапияның ерекшеліктері. | БП | ТК | | ОН 1<br>ОН 3<br>ОН 4 |
| 11 | Онкология | Балаларда кездесетін қатерлі және қатерлі емес онкологиялық аурулар. Ісіктерді анықтауға арналған морфологиялық, иммунологиялық, генетикалық және молекулалық биологиялық әдістер. Онкология саласындағы алдыңғы қатарлы жетістіктер. Балалардағы ісік ауруларын анықтау және емдеу бойынша практикалық ұсыныстар. | БП | ТК | 4 | ОН 1<br>ОН 3<br>ОН 4 |
| 12 | Патологиялық анатомия | Патологиялық анатомияның жалпы және жеке курсының, сондай-ақ биопсияның секциялық курсының негізгі сұрақтары. Жекелеген аурулар бойынша арнайы сұрақтар мен тапсырмалар. Патологиялық диагноздардың мысалдары, өлім туралы медициналық куәліктер, аутопсия хаттамалары және клиникалық-патологиялық талдау материалдары. | БП | ТК | | ОН 1<br>ОН 3<br>ОН 4 |
| 13 | Балалар гинекологиясы | Қыз балаларда жамбас ағзаларының анатомо-физиологиялық ерекшелері. Гинекологиялық ауруларының клиникасы. Гинекологиядағы | БП | ТК | | ОН 1<br>ОН 3<br>ОН 4 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | шұғыл жағдайларды диагностикасы мен емдеу жолдары. Жыныс жолымен берілетін аурулар. Балалар гинекологиясында консервативті және оперативті емдеу жолдарының ерекшеліктері | | | | |
| | Барлығы | | | | 8 | |
| | Қорытынды аттестация | | | | 2 | |
| | **Барлығы** | | | | **210** | |

**Әр түрлі оқыту әдістерімен ОН қол жеткізу матрицасы**

| ОН | Оқыту және оқыту әдістері | |
|---|---|---|
| **ОН1:** Клиникалық диагноз қояды, емдеу жоспарын құрады және балаларға хирургиялық көмек көрсетудің барлық сатыларында, дәлелді мағлұматтар негізінде тиімділігін көрсете біледі. | Мәліметтерді талқылау, резиденттпен кері байланыс | Жағдайды модельдеу<br>Медициналық құжаттармен жұмыс жасау |
| **ОН2:** Баланы емдеу кезінде жақсы нәтижеге жету үшін, науқас баланың туған-туыстарымен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді әрекет ете алады. | Науқас жаңында тәжірибелік дағдыларды қадағалау | Жағдайды модельдеу<br>Медициналық құжаттармен жұмыс жасау |
| **ОН3:** Балаларға хирургиялық көмек көрсету кезінде жоғары қауіпсіздік пен сапаны қамтамасыз ету үшін тиімді әдістер мен қауіптіліктерді бағалай біледі. | Мәліметтерді талқылау, резиденттпен кері байланыс | Жағдайды модельдеу<br>Медициналық құжаттармен жұмыс жасау |
| **ОН4:** Балаларға хирургиялық көмек көрсету кезінде Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастыру шеңберінде жұмыс жасайды, төтенше жағдайлар кезінде қажетті көмек көрсете біледі, бала денсаулығын нығайту жолында әр саланың мамандарымен қосыла жұмыс атқара алады. | Науқас жаңында тәжірибелік дағдыларды қадағалау | Жағдайды модельдеу<br>Медициналық құжаттармен жұмыс жасау |
| **ОН5:** Қажетті, қатысты зерттеу сұрақтарын қоя алады, балалар хирургиясы мамандығы бойынша әдебиеттерді саралай біледі, күнделікті тәжірибесінде Халықаралық мәліметтер базасын қолданады, зерттеу тобында жұмыс жасауға қатысады. | Публикация<br>Портфолио | Тезис, мақала жазу<br>Бандамамен шығу |
| **ОН6:** Өздігінен біліктілігін жетілдіру | Публикация | Тезис, мақала жазу |

| | | |
|---|---|---|
| және өзге де балалар хирургтерінің біліктілігін арттыру, дискуссияларға, конференцияларға және басқа да мамандық бойынша үздіксіз даму курстарына қатысу. | Портфолио | Бандамамен шығу |

**ОН бағалау әдістеріне сәйкестік матрицасы**

| ОН | Оқыту және оқыту әдістері | |
|---|---|---|
| **ОН1:** Клиникалық диагноз қояды, емдеу жоспарын құрады және балаларға хирургиялық көмек көрсетудің барлық сатыларында, дәлелді мағлұматттар негізінде тиімділігін көрсете біледі. | Тестирование<br>Ауызша сұрау | Науқастардың пікірі<br>Резиденттердің пікірі<br>$360^0$ бағалау |
| **ОН2:** Баланы емдеу кезінде жақсы нәтижеге жету үшін, науқас баланың туған-туыстарымен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді әрекет ете алады. | Кіші клиникалық емтихан | Науқастардың пікірі<br>Резиденттердің пікірі<br>$360^0$ бағалау |
| **ОН3:** Балаларға хирургиялық көмек көрсету кезінде жоғары қауіпсіздік пен сапаны қамтамасыз ету үшін тиімді әдістер мен қауіптіліктерді бағалай біледі. | Ауру тарыхындағы жазбаларды талдау | Науқастардың пікірі<br>$360^0$ бағалау |
| **ОН4:** Балаларға хирургиялық көмек көрсету кезінде Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастыру шеңберінде жұмыс жасайды, төтенше жағдайлар кезінде қажетті көмек көрсете біледі, бала денсаулығын нығайту жолында әр саланың мамандарымен қосыла жұмыс атқара алады. | Тестирование<br>Ауызша сұрау | Отзывы пациентов<br>Отзывы других резидентов<br>Оценка $360^0$ |
| **ОН5:** Қажетті, қатысты зерттеу сұрақтарын қоя алады, балалар хирургиясы мамандығы бойынша әдебиеттерді саралай біледі, күнделікті тәжірибесінде Халықаралық мәліметтер базасын қолданады, зерттеу тобында жұмыс жасауға қатысады. | Презентация | Публикациялар |
| **ОН6:** Өздігінен біліктілігін жетілдіру және өзге де балалар хирургтерінің біліктілігін арттыру, дискуссияларға, конференцияларға және басқа да мамандық бойынша үздіксіз даму курстарына қатысу. | Портфолио | Өзін-өзі бағалау |

## Оқу кезеңіне арналған жұмыс жоспары

| Пәндер циклы | | Пән коды | Пәндердің/модульдердің атауы | Кредит саны | Жалпы сағат | Аудиторлық | РӨЖ: СРРН | РӨЖ: РӨЖ | 1 оқу жылы | 2 оқу жылы | 3 оқу жылы | Бақылау түрі | Қорытынды аттестация |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **БП** | | **БЕЙІНДІК ПӘНДЕР ЦИКЛІ** | | **208** | **6240** | | | | | | | | |
| БП | | **Міндетті компоненті** | | **200** | **6000** | | | | | | | | |
| БП | МК | R-ShH | Шұғыл хирургия | 25 | 750 | 150 | 487 | 113 | | 25 | | Емт | |
| БП | МК | R-TH | Торакальды хирургия | 20 | 600 | 120 | 390 | 90 | | | 20 | Емт | |
| БП | МК | R-AEH | Амбулаториялық-емханалық хирургия | 24 | 720 | 144 | 468 | 108 | | | 24 | Емт | |
| БП | МК | R-UZhH | Урологиямен жоспарлы хирургия | 40 | 1200 | 240 | 780 | 180 | 20 | 20 | | Емт | |
| БП | МК | R-IH | Ірінді хирургия | 30 | 900 | 180 | 585 | 135 | 30 | | | Емт | |
| БП | МК | R-ZhTNH | Жаңа туған нәрестелер хирургиясы | 20 | 600 | 120 | 390 | 90 | | | 20 | Емт | |
| БП | МК | R-TO | Травматология, ортопедия | 25 | 750 | 150 | 487 | 113 | | 25 | | Емт | |
| БП | МК | R-EH | Эндоскопиялық хирургия | 16 | 480 | 96 | 312 | 72 | 16 | | | Емт | |
| БП | | **Таңдау компоненті** | | **8** | **240** | **48** | **156** | **36** | **4** | | **4** | | |
| БП | ТК | R-NH<br>R-PKT | Нейрохирургия<br>Педиатриядағы қарқынды терапиясы | 4 | 120 | 24 | 78 | 18 | 4 | | | Емт | |
| БП | ТК | R-Onk<br>R-PA<br>R-BG | Онкология<br>Патологиялық анатомия<br>Балалар гинекологисы | 4 | 120 | 24 | 78 | 18 | | | 4 | Емт | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **БАРЛЫҒЫ:** | **208** | **6240** | **1248** | **4056** | **936** | | | | | |
| **ПА** | **АРАЛЫҚ АТТЕСТТАУ** | | | | | | | | | | |
| **ИА** | **ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ** | **2** | **60** | | | | | | 2 | | 60 |
| **БАРЛЫҒЫ:** | | **210** | **6300** | **1248** | **4056** | **936** | 70 | 70 | **70** | | **60** |